  - ❑ Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.

1



Екі түймені басып, «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін ұстап ұстаңыз

2



Қайталап екі батырманы басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз

3



«Үй» экраны: «құрылғыны қосу» түймесін басыңыз

4



Тізімде шаңсорғышты (PVCRDC-6004) таңдаңыз

5



Телефонды шаңсорғыш атауымен (PVCRDC-6004) сәйкес келетін WIFi желісіне қосыңыз

6



Екі түймені басып, «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін ұстап ұстаңыз

7



Қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз

8



Қалаулы іс-әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру», немесе «құрылғыны қайта конфигурациялау»

IOS және Android ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАР ТЕЛЕФОНДАР ҮШІН (10 және одан жоғары нұсқалар)

Жаңа құрылғыны конфигурациялау

- «Үй» экраны: «Жаңа құрылғы қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен шаңсорғышты (PVCRDC-6004) таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Қосымшада "PVCRDC-6004" WIFI желісіне қосылуға сұрату шығады, «Қосу» түймесін басыңыз.
- Келесі экранда сізден құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады

Құрылғымен түйіндесу

1. Сіздің шаңсорғыш базада ТҰРМАҒАНЫНА көз жеткізіңіз.
2. Басқару панеліндегі екі түймені басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз
3. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз:
   - Қолжетімді WIFI желілері бар экран көрсетіледі. Қажетті желіні таңдаңыз және құрылғыны баптағыңыз келген WiFi желісінің құпиясөзін енгізіңіз және «одан әрі» басыңыз
     - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.
     - «Жалғастыру» басыңыз
   - Егер түйіндесу орын алмаған болса, шаңсорғышты зауыттық баптауларға қайтаруды жүргізіңіз (төмендегі сипаттаманы қар.). Қосу баптауын қайталап жүргізіңіз.



Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру:

- «Үй» экраны: «Жаңа құрылғы қосу» түймесін басыңыз.
- «Сіздің жаныңызда» деген тізімде шаңсорғышты (PVCRDC-6004) таңдаңыз (Егер құрылғы желіде жоқ болса, мобильді құрылғы конфигурацияланған WiFi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Сіздің шаңсорғыш базада ТҰРМАҒАНЫНА көз жеткізіңіз.

Келесі экранда сізден құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:

1. Басқару панеліндегі екі түймені басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз
2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» басыңыз



Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі):

- Сіздің шаңсорғыш базада ТҰРМАҒАНЫНА көз жеткізіңіз. Келесі әрекетті 3 секундтан аспайтын кідіріспен орындаңыз:
- Басқару панеліндегі екі түймені басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз, содан кейін қайталап басқару панеліндегі екі батырманы басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз
- «Үй» экраны: «Жаңа құрылғы» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен шаңсорғышты (PVCRDC-6004) таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз
- Қосымшада "PVCRDC-6004" WIFI желісіне қосылуға сұрату шығады, «Қосу» түймесін басыңыз.

Келесі экранда сізден құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:

1. Басқару панеліндегі екі түймені басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз
2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» басыңыз
   - Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру» - бұндай жағдайда телефон ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйі қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау» - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
   - Егер Сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз, құрылғыны баптауды қалаған WIFI желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» басыңыз.
   - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанын күтіңіз.
   - «Жалғастыру» басыңыз



Екі түймені басып, «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін үстап ұстаңыз



Қайталап екі батырманы басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз



«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз



Тізімнен шаңсорғышты таңдаңыз (PVCRDC 6004)



Қосымшада “PVCRDC-6004” WIFI желісіне қосылуға сұрату шығады, «Қосу» батырмасын басыңыз



Екі түймені басып, «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін ұстап ұстаңыз



Қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз



Қалаулы іс-әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру», немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау»

ШАҢСОРҒЫШТЫ WIFI ЗАУЫТТЫҚ БАПТАУЛАРҒА ҚАЙТАРУ

Сіздің шаңсорғыш базада ТҰРМАҒАНЫНА көз жеткізіңіз. Келесі әрекетті 3 секундтан аспайтын кідіріспен орындаңыз:

A. Басқару панеліндегі екі түймені басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз және босатыңыз.

B. Содан кейін басқару панеліндегі екі түймені қайталап басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз және босатыңыз.

C. Саодан кейін басқару панеліндегі екі түймені үшінші рет басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз және босатыңыз.



Екі түймені басып, «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін ұстап ұстаңыз



Түймені босатыңыз



Қайталап екі батырманы басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз



Үшінші рет Екі түймені басыңыз және «Желіні баптауды бастаймын» деген дауыстық пәрменге дейін басып ұстаңыз

ШАҢСОРҒЫШТЫҢ ҚОСЫМШАДА ҚОЛЖЕТІМДІ ФУНКЦИОНАЛЫ

1. Бастау/тоқтау
2. Қозғалыс бағытын қашықтан басқару (джойстик)
3. Сору қуаты қарқындылығын орнату
4. Су беру қарқындылығын орнату
5. Батарея заряды деңгейінің индикациясы
6. Ағымдағы тазалау уақыты мен ауданының көрсеткіші
7. Таңдаған тазалау режимінің индикациясы
8. Жұмыс режимін таңдау:
    a. Авто
    b. Нүктелі тазалау (жергілікті учаскені тазалау)
    c. Базаға қайта оралу
    d. Периметр
    e. Жылдам тазалау
    f. Мұқият тазалау
9. Y-тазалау функциясы – барынша мұқият жинау үшін, Y-тәрізді қимылмен тазалау
10. Шаң түсіру функциясы
11. Кілемдерде сору қуатын арттыру функциясы
12. Тазалау типін таңдау: ылғал/құрғақ/аралас тазалау
13. Тазалаудың апта күндері бойынша кестесін орнату
14. Құрылғыда дыбысты қосу/сөндіру
15. «Карта» мәзірі - робот жасаған бөлме картасын өңдеу
16. «Find me» функциясы – түймені басқанда шаңсорғыш дыбыстық сигнал береді, бұл шаңсорғыш бір жерде тұрып қалғанда Сізге оны табуға мүмкіндік береді.
17. Балалардан қорғау функциясы
18. Түймені жарықтандыруды басқару функциясы жұмыс

«Баптаулар» мәзірі

19. Құрылғының атауы - кез-келген атауды ойлап табу арқылы құрылғының атын өзгертуге болады
20. Үй-жай және бөлме - тиісті бөлме мен бөлмені орнату арқылы аспаптың үйдегі орнын анықтауға болады
21. Зарядтаудан кейін тазалауды жалғастыру функциясын қосу/сөндіру, егер батареяның ағымдағы заряды бүкіл ауданды тазалауға жетпеген болса
22. Дыбыстық сүйемелдеу дыбыс қаттылығын реттеу
23. Роботтың жалпы тазалау ауданының көрінісі (м2), Тазалау саны, Жалпы жинау уақыты (мин)
24. Картаны түсіру
25. Шаңды түсіру жиілігін баптау
26. Тілдік сүйемелдеуді орнату: Орыс тілі (әйел/ер) / Ағылшын (әйел)
27. Шығын материалдарының қызмет ету мерзімін бақылау: бүйір және негізгі щетка, ауа сүзгісі және мопа. Шаңжинағышты тазалау қажеттілігі бойынша бағдарламалық ескерту.
28. Шаңсорғышты пайдалану құқығын беруді баптау
29. Желі күйін көрсету
30. Шаңсорғыш жұмыс істеп тұрған кезде хабарламаларды баптау
31. Шаңсорғыштың әрекет ету тарихы

Маңызды: шығыс материалдардың, соның ішінде шаңға арналған контейнердің, қызмет ету мерзімі шаңсорғыш жұмыс істеуінің жиынтық уақытына қатысты есептеледі. Аксессуарды ауыстыру немесе тазалау уақыты аяқталған кезде, қосымша тазалау/ауыстыру қажеттілігі туралы еске салады. Шығыс материалдарды ауыстырғанда немесе шаңға арналған контейнерді босатқанда «Шығыс материалдар» мәзіріне кіру және жұмыс істеу уақытының есептегішін арылту үшін тиісті шығыс материалдың астындағы «Ауыстыру» түймесін басу қажет!

РОБОТ ҮЙ-ЖАЙДЫҢ ҚҰРАСТЫРҒАН КАРТАСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЫ

I. Үй-жайлардың 5 қабатына дейін (карталарын) сақтау

әрбір жеке бөлменің 5 картасын жасауға және сақтауға мүмкіндік береді,

мысалы, егер сізде көп қабатты үй немесе көп деңгейлі пәтер болса

Тиісті үй-жайға арналған белгілі бір картаны таңдап, құрылғы автоматты түрде кеңістікте бағдарланады және, егер сіз үй-жайды (қабатты) өзгертсеңіз, картаны қайталап құруды қажет етпейді.

II. Тазалаудың 10 аймағына («бөлме») дейін орнату.

Сақталған «бөлме» аспапты басқарудың басты бетіндегі жеке түйменің астында сақталады. Түймені басу осы «бөлмеде» тазалауды іске қосады. Сонымен қатар осы «бөлмені» жылдам қолжетімдік панеліне жылжытуға болады.

Тазалау аймағын («бөлмені») құру:

1) «Карта» мәзіріне кіріңіз;
2) Картаның оң жақ төменгі бұрышындағы түймені басыңыз
3) Түсетін тізімнен «Редакциялау» түймесін таңдаңыз
4) Жаңа тізімде «Бөлмелер» түймесін таңдаңыз
5) Пайда болған «+» түймесін басыңыз.
6) Болашақ бөлменің атауын белгілеңіз және «Сақтау» басыңыз.
7) Экранда шыққан шаршыны картаның қажетті бөлігіне жылжытыңыз және, қажет болса, оның өлшемдерін өзгертіңіз.
8) Аймақты сақтап қалу үшін оң жақ төменгі бұрыштағы «**V**» түймені басыңыз.



Осыдан кейін ол картада көрсетілетін болады, сондай-ақ басқарудың басты бетінде жеке түймені түрінде сақталады.

Осы аймақтың атауын немесе шекарасын өзгерту үшін жоғарыда сипатталған 1-4 тармақтарды қайталаңыз, содан кейін бөлменің сіз түзеткіңіз келген жеріне басыңыз (шекараны өзгерту үшін 1 рет, бөлме атауын өзгерту үшін 2 рет). Аймақты сақтап қалу үшін оң жақ төменгі бұрыштағы «**V**» түймені басыңыз.



III. Тазалауға тыйым салынған 10 аймаққа дейін орнату.

Тыйым салынған аймақты орнатқанда бұл тыйым тазалаудың қандай типі үшін әрекет ететінін таңдауға болады: ылғал тазалауға, құрғақ тазалауға немесе бірінші және екінші тип үшін.

Тазалауға тыйым салынған аймақты құру:

1) «Карта» мәзіріне кіріңіз;
2) Картаның оң жақ төменгі бұрышындағы түймені басыңыз
3) Түсетін тізімнен «Редакциялау» түймесін таңдаңыз
4) Жаңа тізімде «Тыйым салынған аймақ» түймесін таңдаңыз
5) Пайда болған «+» түймесін басыңыз.

- Шыққан мәзірде тазалауға тыйым салудың типін таңдаңыз: ылғал, құрғақ, құрғақ + ылғал
- Экранда шыққан шаршыны картаның қажетті бөлігіне жылжытыңыз және, қажет болса, оның өлшемдерін өзгертіңіз.
- Аймақты сақтап қалу үшін, оң жақ төменгі бұрыштағы «**V**» түймені басыңыз.

Осы аймақтың типін немесе шектерін өзгерту үшін жоғарыда сипатталған 1-4 тармақтарды қайталаңыз, ал 5-т. орнына бұрын құрылған аймақтың периметрін басыңыз және басып ұстаңыз. Содан кейін ашылған терезеде аймақ типін өзгертуге немесе оны жоюға болады.





IV. 10 «виртуалды қабырғаға» дейін орнату

Тазалау кезінде шаңсорғыш картадағы осы сызықтарды кесіп өтпейтін болады.

Тазалауға тыйым салынған аймақты құру:

1) «Карта» мәзіріне кіріңіз;
2) Картаның оң жақ төменгі бұрышындағы түймені басыңыз
3) Түсетін тізімнен «Редакциялау» түймесін таңдаңыз
4) Жаңа тізімде «Виртуалды қабырға» түймесін таңдаңыз
5) Пайда болған «+» түймесін басыңыз.
6) Құрастырылатын қабырғаны картаның қажетті облысына жылжытыңыз.
7) Виртуалды қабырғаның жайғасымын сақтау үшін, оң жақ төменгі бұрыштағы «\/» түймесін басыңыз

Құрылған виртуалды қабырғаны өзгерту үшін жоғарыда сипатталған 1-4 тармақтарды қайталаңыз, ал 5-т. орнына бұрын құрылған виртуалды қабырғаны басыңыз және басып ұстаңыз. Содан кейін ашылған терезеде оны жоюға болады.

Қосымшада қолжетімді функциялардың жиынтығы мен атаулары қосымшаның нұсқасын және құрылғының бағдарламалық жасақтамасын өзгерткен кезде қолданушыны ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Батареяның жылдам разрядталуына жол бермеу үшін, қашықтықтан басқаруды пайдаланғанда шаңсорғыш тазалаулар арасында зарядтау базасында болуы керек.

















ӘЛДЕБІР РЕЖИМДІ ЖҰМЫСТЫҢ АҒЫМДАҒЫ РЕЖИМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ІСКЕ ҚОСУ МҮМКІНДІГІ

Режим/ағымдағы күйін іске қосу	Робот базада тұр	Робот кідірісте (зарядталмайды және ешнәрсе істемейді)	Тазалаудың автоматты режимі	Нүктелік тазалау режимі	Базаға қайта оралу режимі
АВТО	+	+	**Ағымдағы режим**	+	**ЖОҚ**
НҮКТЕЛІК	**ЖОҚ**	+	+	**Ағымдағы режим**	**ЖОҚ**
БАЗАҒА ҚАЙТА ОРАЛУ	**ЖОҚ**	+	+	+	**Ағымдағы режим**

ҚОЛДАНБАНЫҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

1. **Жылдам іске қосудың панелі:** аспап бетінде қосымшаның төменгі жағында таңдалған бағдарламалар мен режимдерді жылдам іске қосуға арналған төрт ұяшығы бар панель бар. Осы панельге Сізге ұнаған кез келген режимді орналастыру үшін жай ғана оның түймесін басыңыз және, саусақтарыңызды босатпай, панельге тасымалдаңыз.



Таңдалған бағдарламалар мен режимдерді жылдам іске қосуға арналған төрт ұяшығы бар панель



Саусағыңызды босатпай, ұнаған режимді панельге тасымалдаңыз

2. **Аспапқа қолжетімділік құқықтарын бақылау:** құқықтарды бақылауды іске қосу үшін Сіз қосымшадағы құрылғы бетіне өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы параметр таңбасын («жұлдызша») басып, «Құқықтарды бақылау» тармағын таңдап, «Құқықтарды бақылауды қосу» ажыратқышын «Қосылған» күйіне ауыстыру керек. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қолжетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады. Сіз әр пайдаланушы үшін жеке кіру деңгейін анықтай аласыз. Басқару функциясын іске қосқаннан кейін, аспапқа қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және аспапты Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.



Оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басыңыз



«Құқықтарды бақылау» тармағын таңдаңыз



Құқықтарды бақылау сөндіргішін «Қосылған» күйіге ауыстырыңыз

3. Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі

Сіз өзіңіздің құрылғыңызды басқаруды Polaris IQ Home қосымшасы орнатылған кез келген адаммен жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қосымшадағы құрылғы бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқытарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Осыдан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз.

Қабылдайтын тарап осы QR кодты сканерлеуі үшін, ол қосымшаның басты экранында «Жаңа құрылғы» түймесін басу керек және шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басу қажет. Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүйенің көмексөздеріне сүйену керек.

QR кодты кез келген ыңғайлы әдіспен жіберуге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR коды аспапта Reset режимі іске қосылғанша өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.



4. Қолдау қызметімен байланыс

«Профиль/Қолдау» мәзіріне кіріңіз және жаңа хабарламаның оң жақ жоғарғы бұрыштағы белгішесін басыңыз – қолдау чаты ашылады. Өзіңіздің мәселелеріңізді сиапттаңыз, скриншоттар мен бейнелерді қоса тіркеңіз. Қолдау қызметінің мамандары Сізге барлығының басын ашуға көмектеседі.

5. Қосылу күйін мониторингтеу

Аспап баптауларында тиісті түймені басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.



ШАҢСОРҒЫШТЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН БАҚЫЛАУДЫ ПАЙДАЛАНБАЙ БАСҚАРУ

1. Шаңсорғышты еденге басқару панелін жоғары қаратып орнатыңыз.
2. Түймені ⏻ басыңыз және бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. Қосылғаннан кейін жұмыс индикаторы үнемі жасыл түспен жанады.
3. Негізгі бағдарламаны іске қосу үшін бір рет басып ұстаусыз аспаптағы түймені ⏻ басыңыз, робот үй-жайды тазалауды бастайды.
4. Аспаптағы түймені ⏻ қайталап басу тазалауды тоқтатады және шаңсорғыш «Үзіліс» режиміне көшеді.
5. Базаға қайтару үшін аспаптағы түймесін ⌂ басыңыз.
6. **Шаңсорғышты сөндіру үшін түймені ⏻ басыңыз және басып ұстаңыз ⏻**
7. **Түймені екі рет басыңыз, роботты жергілікті тазалау аймағына жайғастырыңыз, шаңсорғыш 1,5*1,5 м² ауданды тазалауды бастайды**







АСПАПТЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

1. Қызмет көрсетер және тазалар алдында аспап зарядтау құрылғысынан, ал зарядтау құрылғысы желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Аспапты және зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
3. Аспапты тазалау үшін бензин, спирт және химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
4. Аспаптың металл бөліктерін таза құрғақ мата майлықпен сүртіп алып отырыңыз.
5. Аспаптың пластик бөліктерін дымқыл сығылған мата майлықпен сүртіп алып отырыңыз. Су тамшылары болмауы тиіс.
6. Аспапты құрғақ салқын жерде сақтаңыз.

ШАҢЖИНАҒЫШТАҒЫ ШАҢҒА АРНАЛҒАН ҚАПШЫҚТЫ АУЫСТЫРУ

Қапшықты тазалау оның толуына байланысты, немесе тазалаудың аптасына 2 – 3 рет қарқындылығы бойынша 3 – 4 айда шамамен 1 рет жүргізіледі.

1. Шаңға арналған қапшық толғанда, шаңжинағыштағы индикатор қызғылт сары түспен жыпылықтайды.
2. Шаңжинағыш зарядтау станциясын қуаттандыру желісінен ажыратыңыз.
3. Ауыстыру үшін жаңа түпнұсқа қапшықты дайындаңыз. Түпнұсқа емес қапшықтарды пайдалануға болмайды.
4. Шаңжинағыштың қақпағын ашыңыз
5. Қапшықты алып шығу үшін шаңға арналған қапшықтағы арнайы шығыңқы ұстағышты тартыңыз.
6. Ескі қапшықты қоқыс салатын бакқа тастаңыз.
7. Қажет болса, шаңжинағыштың ішкі қуысын құрғақ маталы сулықпен сүртіңіз, сыртқы бөлігін алғал сығылған маталы сулықпен сүртіңіз. Су тамшылары болмауы тиіс.
8. Қапшық ұстағышты арнайы ойықтарға кіргізіп, жаңа қапшықты орнына орнатыңыз.
9. Шаңжинағыштың қақпағын жабыңыз. Ол әрі қарай пайдалануға дайын.



ШАҢЖИНАҒЫШТЫҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ТАЗАЛАНУЫ

Тазалауды аяқтағаннан кейін немесе аспаптағы немесе қосымшадағы базаға қайтару түймесіна басқанда робот шаңжинағышпен станцияға қайта оралады, онда шаңсорғыштың контейнері тазалау кезінде жиналған шаңнан 20 секунд ішінде автоматты түрде тазаланады.

Өздігінен тазаланудан кейін шаңсорғыш роботтың зарядталуы басталады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: шаңжинағышты автоматты түрде тазалау функциясы 30-35 беттердегі сипаттамаға сәйкес шаңсорғыш түйіндерін мезгіл-мезгіл тазалау қажеттілігін жоймайды.

ШАҢЖИНАҒЫШТЫ ҚОЛМЕН ТАЗАЛАУ

Қажеттілік бойынша жүргізіледі, сонымен қатар шаңжинағыштың сүзгісін тазарту үшін айына кем дегенде 1 рет жүргізіледі.

- Шаңжинағышты сұқ саусақпен ұстаңқырап, бас бармақпен шаңжинағыштың батырмасына басыңыз.
- Контейнерді өзіңізге қарай тартып, алып шығыңыз.
- Арналарда кептеліп қалған бөтен заттардың жоқ екенін тексеріңіз. Қажеттілігіне қарай оларды алып тастаңыз.
- Суға арналған бакты шаңжинағыштан ажыратыңыз.
- Шаңжинағышты тазартыңыз. Шаңжинағышты қоқыс салатын шелектің қасына қойып, артық ласты қағып шығару үшін, шаңжинағышты абайлап тықылдатып соғыңыз.

Айына кемінде 1 рет:

- Сүзгі бөлігін жоғары қарай тартып, қақпағын ашыңыз.
- Сүзгіні алып шығыңыз.
- HEPA-сүзгіні, шаңдалған жағын төмен қаратып, жеңіл түрде тегіс бетке тықылдатып немесе арнайы щетка көмегімен тазартыңыз. Қажет болса, HEPA-сүзгіні, ластанған жағын төмен қаратып, бөлме температурасындағы судың әлсіз ағынының астында, жуғыш құралдарды пайдаланбай, жуып-шайыңыз
- Сүзгілер мен шаңжинағыштарды орнатар алдында табиғи тәсілмен кептіріңіз.
- Қыздыруды қолдануға жол берілмейді.
- Сүзгіш элементтерді орнатыңыз. Аспапқа ылғал сүзгілерді орнатпаңыз.
- Моторға шаң түсуіне жол бермеу үшін, деформацияланған немесе зақымдалған сүзгілерді пайдаланбаңыз. Оларды жаңа түпнсқаларға ауыстырыңыз.

Қажет болған жағдайда:

- ❑ Шаңжинағышты ыдыстың үстінде жайғастырып, қақпағын ашыңыз және шаңды қағыңыз.
- ❑ Шаңжинағышты таза сумен жуып-шайыңыз. Құрғатып сүртіңіз. Табиғи тәсілмен кептіріңіз.



Сүзгілерді тазалап, орнатқаннан кейін:

- Шаңжинағышты жабыңыз
- Оны суға арналған бакқа қойыңыз және әмбебап контейнерді орнына орнатыңыз.



Сүзгіні кері орнатыңыз және шаңжинағышты жабыңыз



әмбебап контейнерді орнына орнатыңыз

НАЗАРЫҢЫЗДЫ АУДАРАМЫЗ!

Кермектік деңгейі жоғары суды пайдалану тауар компонентіндегі (контейнерде, су беру модулінде, щеткада, жууға және тазартуға арналған базада және т.б.) судағы еріген тұздар мен қоспалардың шөгінділерімен су беру ағындарының бітелуіне әкелуі мүмкін. Бұл тауардың өндірістік кемшілігі болып табылмайды.

Өндіруші қоспасыз ЖҰМСАРТЫЛҒАН ТАЗАРТЫЛҒАН суды пайдалануды немесе ағындардың үрпісін тұрақты тазалауды ұсынады. Су беру үрпілері шөгінділермен бітелген кезде тұтынушы:

- Контейнерді шәйнектерге, үтіктерге немесе кофемашиналарға арналған қақтан тазартқыш ерітіндісіне бірнеше сағат салып, өнім концентратына арналған нұсқаулыққа сәйкес дайындалған ыдысты өз бетінше тазалай алады. Осыдан кейін контейнерді таза сумен шайып, қажет болған жағдайда, саңылаулардың саңылауларын тиісті диаметрлі инемен тазалай алады, саңылаудың бастапқы диаметрін механикалық кернеумен кеңейтпей, саңылауларды сығылған ауамен үрлей алады;
- Үрпілердің саңылауларын шөгінділерден тазарту немесе бітелудің орнына жаңа компонент сатып алу үшін, POLARIS ACO немесе үшінші тараптың білікті маманына жүгіне алады

Ылғал тазалаудан кейін:

a) Контейнерді өзіңізге қарай тартып, алып шығыңыз. Оны төңкермеңіз.
b) Бактың қақпағын ашыңыз және, контейнерді бак қақпағының жағына еңкейтіп, судың қалдығын төгіңіз.
c) Микрофибрасы бар ұстағышты шешіп алыңыз.
d) Ұстағыштан микрофибраны шешіп алыңыз және жуғыш құрал қосылған суға жуыңыз, таза суға шайыңыз, табиғи тәсілмен (қыздырусыз) кептіріңіз.
e) Контейнерді және микрофибрасы бар ұстағышты құрғақ күйде сақтаңыз.
f) Контейнерді орнына орнатыңыз.



Контейнерді өзіңізге қарай тартып, алып шығыңыз



Оны төңкермеңіз!



Бактың қақпағын ашыңыз және су қалдығын төгіңіз



Микрофибрасы бар ұстағышты шешіп алыңыз



Ұстағыштан микрофибраны шешіп алыңыз.



Микрофибраны сумен жуып-шайыңыз



Табиғи тәсілмен (қыздырусыз) кептіріп алыңыз



Контейнерді орнына орнатыңыз

ОРТАЛЫҚ ЩЕТКАНЫ ТАЗАРТУ

Электрлік щетка айналмалы қылшықты білікше көмегімен еденнен және кілемды жабындардан тұрмыстық шаңды жинауға арналған. Оның конструкциясы ұзын шашпен, жүнмен, жіптермен және т.б. ластануға аса сезімтал. Бітелу пайда болғанда, шаңсорғышты пайдалануды дереу тоқтатыңыз және қылшықты білікшені тазалауға шаралар қолданыңыз. **Тазартуды әр тазалаудан кейін жүргізу керек**.

Білікшеде шаңсорғыш моторымен бір мезгілде іске қосылатын жеке электр жетегі бар.

Білікшені тазалау үшін:

- Шаңсорғышты, түбін жоғары қаратып, аударыңыз және оны артқы бөлігімен («өзіне қарай») орналастырыңыз.
- Қылшықты білікшеге оралған шаштар мен жіптердің мөлшері аз болғанда, оларды, қылшықты білікшені алмай, пышақпен кесіп алуға болады. Бұл үшін өткір пышақты қылшық қатарлары арасына кесетін жиегін білікшеден сыртқа қарай орналастырыңыз және, білікше бойымен қозғалып, оралған шаш пен жіптерді кесіңіз. Осыдан кейін шаш кесінділері щетка корпусынан сыртқа оңай шығарылады, ыңғайлылық үшін қылшықты білікше айналу өсінің айналасында қолмен бұруға жол беріледі.
- Қылшық білік қатты бітеліп қалса, электр щеткасының ролигін бекіту жақтауын алыңыз, ол үшін "бір-біріне" бекіткіштің ілмектерін аздап басып, жақтаудың жақын шетін көтеріңіз, содан кейін жақтауды алыңыз.
- Оңға қарай тартып, қылшықты білікшенің оң жағын сәл көтеріңіз, оны жетекпен ілінісуден шығарыңыз және ұядан алып шығыңыз. Қылшықты білікше корпустан алынған кезде, оны үшкір пышақ немесе қайшы көмегімен оралып қалған шаш пен жіптерден оңай тазартуға болады. Білікшенің оң жақ ұшындағы мойынтірек торабының еркін айналуына назар аударыңыз. Айналу қиындаған кезде мойынтіректі шешіп алыңыз және қоқыстан тазалаңыз.
- Қылшықты білікшенің щетка корпусындағы орнына орнатылуын кері реттілікпен жүргізіңіз.
- Щетка мен электр жетектің бөлшектері қатты ластанған жағдайда бөлшектеу және тазалау үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.



Шаңсорғышты түбін жоғары қаратып төңкеріңіз, қылшақты білікше бекіту жиектемесін шешіп алыңыз және білікшені алып шығыңыз



Шаш пен жіптер азғантай мөлшерде болғанда – қайшыны/пышақты пайдаланыңыз немесе тазартуға арналған арнайы щетканы қолданыңыз



Мойынтіректі шешіп алыңыз және, қажет болса, оны қоқыстан тазартыңыз.



Қылшықты білікшенің щетка корпусындағы орнына орнатылуын кері реттілікпен жүргізіңіз

БҮЙІРЛІК ЩЕТКАНЫ ТАЗАРТУ

1. Аспапты төңкеріңіз.
2. Щеткада қандай да бір зақымданулар және/немесе бөгде денелердің, оралған қоқыс жоқ екендігін тексеріңіз.
3. Қажет болса, щетканы тазарту/ауыстыру үшін шешіп алыңыз.
4. Щетканы жылы суға суланған және жақсы сығылған шүберекпен сүртіп алыңыз. Тазартуды әрбір тазалағаннан кейін жүргізіңіз.
5. Бүйірлік щетка зақымданған жағдайда оны ауыстыруды уақтылы жүргізіңіз.



Щетканы жылы суға суланған және жақсы сығылған шүберекпен сүртіп алыңыз. Тазартуды әрбір тазалағаннан кейін жүргізіңіз



Бүйірлік щетка зақымданған жағдайда оны ауыстыруды уақтылы жүргізіңіз

ДАТЧИКТЕР МЕН ТҮЙІСПЕЛЕРДІ ТАЗАЛАУ

- Аспапты төңкеріңіз.
- Алдынғы дөңгелекті жиналған қоқыстан тазартыңыз. Қажет болса, доңғалақты осьтің астынан жұқа жалпақ бұрағышпен алып тастауға болады (жинаққа кірмейді).
- Құлауға қарсы сенсорларды жұмсақ матамен, механикалық әсер етусіз шаңнан тазартыңыз.
- Құрғақ, жұмсақ шүберекпен шаңсорғыштың артқы жағындағы және негіздегі жастықшаларды тазалаңыз.
- Ұзақ үзіліс кезінде шаңсорғышты 5 секунд ұстап тұрыңыз.
- Шаңсорғыштың сыртқы тораптарын тазалаумен байланысты жұмыстар кепілдікті қызмет көрсетуге кірмейді.



АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Кестеді аспапты пайдаланған кезде пайда болуы ықтимал ең кең таралған проблемалар аталған

№	Мәселе	Проблеманы жою әдісі
1	Бүйірлік дөңгелек бітеліп тұрып қалды	Дөңгелекті тазартыңыз және роботты қайталап іске қосыңыз
2	Бүйірлік щетка бітеліп тұрып қалды	Бүйірлік щетканы тазартыңыз және роботты қайталап іске қосыңыз
3	Сүзгі бітелген	Шаңжинағышты және сүзгілерді шаң мен ластан тазартыңыз
4	Негізгі щетка айналмайды	Негізгі щетканы шешіп алыңыз және тазартыңыз
5	Бампер қысылған	Бамперде алдынғы жақтан және бүйірлік жақтардан еркін жүрісі бар екенін тексеріңіз. Еркін жүріс болмағанда тұтылып қалудың себебін (бітеліп қалған қоқысты) жойыңыз. Аспапты бөлшектемей бампердің тұтылып қалуын жою мүмкін болмағанда Polaris ACO-қа жүгініңіз
6	Құлауға қарсы тетіктер ластанған, робот бір жағымен көтерілген	Роботты жарық кеңістікке жылжытыңыз, құлауға қарсы тетіктерді тазартыңыз.
7	Робот базаға қайта орала алмайды	База алдында кедергілер жоқ екеніне көз жеткізіңіз. База мен роботтың түйіспелерін сүртіп алыңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ТАЗАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ЫҚТИМАЛ ТАЗАЛАУ КЕЗІНДЕ ЫҚТИМАЛ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ЖОЮ

№	Мәселе	Ықтимал себептер	Ұсынылатын әрекеттер
1	Робот қосылмайды және зарядталмайды	Базамен байланыс жоқ. База адаптерге қосылмаған. Зарядтаудың штаттан тыс адаптері пайдаланылған.	- Роботтың базамен қосылуын тексеріңіз. - Базаны адаптерге қосыңыз. - Зарядтаудың штатты адаптерін пайдаланыңыз.
2	Робот бір жерде жұлқынып қозғалады.	Дөңгелектердің немесе щеткалардың жетектеріне бөгде зат түскен немесе оралып қалған	Робот автоматты түрде құтылуға тырысады. Егер бұл мүмкін болмаса – оған көмектесіңіз.
3	Робот, жинастыруды аяқтамай, зарядтауға арналған базаға барады.	Робот зарядтың төмен деңгейінде базаға барады. Әртүрлі жабындарда энергия шығындары әртүрлі.	Роботты зарядтаңыз. Роботтың автономды жұмыс істеу уақыты үй-жайдың күрделілігіне, қоқыс мөлшеріне және жинастыру режиміне байланысты.
4	Робот жоспарланған жинастыруды орындамады.	Роботтың қуат көзі сөндірілген. Робот разрядталған. Шаңжинағыш лық толы.	- Роботты іске қосыңыз. - Робот күту режимінде болғанда жұмыс істеуі үшін жеткілікті қуаты болатындай зарядталғанына көз жеткізіңіз. - Шаңжинағышты тазартыңыз.

WIFI ҚОСЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

МӘСЕЛЕ	СЕБЕБІ	ЖОЮ ТӘСІЛІ
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	1. Қосу процесінде іркіліс орын алады	a. Сіздің аспабыңыз қосымшада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қосымшаның басты мәзірінде «Құрылғы қосу» батырмасын басыңыз және «Барлық құрылғылар» тізімін ашыңыз; b. Сіздің роутер 2,4 Ггц жиілікте жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін Сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз; c. Сіздің роутеріңіз кіріс қосылуларға қосымша шектеулер (мысалы, тек қана көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу) қоймайтынына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін Сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз. d. Сізде бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз; e. Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қосымшалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз; f. Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз; g. Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	2. Қосылу сәтті орындалған, құрал қосымшадағы құралдар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	Сіздің телефоныңыз WiFi желісіне кері қайта қосылуды орындағанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефонның WiFi баптаулары тарауын ашыңыз және қажеттілік болғанда Сіздің WiFi желіңізге қолмен қосылыңыз.
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	3. Аспап іске сәтті қосылған, алайда қосымшадағы пәрмендерге әрекет етуін кенет тоқтатқан.	Аспаптың парақшасына кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаға басыңыз. Содан кейін «Қосылыс диагностикасы» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті учаскенің жанындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын орындаңыз
Аспап панеліндегі түймелерді басуға аспап әрекет етпейді	4. Кездейсоқ басудан қорғау функциясы іске қосылған	Қорғаныстық қосымшада, немесе аспаптың панелінен ажыратыңыз

Өзіңіздің мәселеңіздің шешімін таппадыңыз ба?
Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе қолдау қызметіне қосымшадағы пайдаланушы бейінінде немесе жедел желі телефоны бойынша хабарласыңыз

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР



Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.



Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Одан әрі кәдеге жарату үшін, оны мамандандырылған пунктке тапсырыңыз. Осы арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVCRDC 5006 WIFI IQ Home – POLARIS сауда маркасының тұрмыстық электр робот шаңсорғышы

Шаң жинағыш контейнердің көлемі: 300 мл

Суға арналған бактың көлемі – 250 мл

Аспап қуаты: 40 Вт

Қуат көзі: аккумуляторлық батарея Li-on 5100 мАсағ 14,8 В

АКБ зарядтау уақыты: 5 сағатқа дейін

АКБ-дан жұмыс істеу уақыты: 300 минутқа дейін

Зарядтау құрылғысы

Зарядтау құрылғысы сипаттамалары:

Кіріс кернеуі: 100-240 В

Жиілігі: 50-60 Гц

Шығыс кернеуі: 19 В

Жүктеменің максималды тогы: 1000 мА

Қорғау сыныбы - 2

Ескертпе: өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

САҚТАУ

1. Электр аспаптары жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°С төмен емес және плюс 40°С жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.
2. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.
Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» талаптардың сәйкестігіне растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз. Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 "Электроника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы"техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді

Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл
Кепілдікті мерзімі: сатып алған күннен бастап 24 ай
Бұйым құрамына табиғи тозуға бейім және/немесе шектеулі қызмет ету мерзімі бар және олардың ресурстары аяқталғаннан кейін тегін ауыстырылуға жататын құрамдас бөлшектер кіреді. Осы құрамдас бөлшектерге Дайындаушы шектеулі кепілдік береді. Бұл тауарда осындайлар болып табылады:
- Аккумуляторлық батарея – кепілдік мерзімі 6 ай
Шығарылған күні: құралдың нәлінде көрсетілген.

Дайындаушы:
НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД
Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР
Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
Импорттаушы: "ДНС ЛОДЖИСТИК" ЖШҚ - "DNS Logistic" LLC
690068, Приморск өлкесі, Владивосток қ., 100 лет Владивостока даңғылы, 155 үй 3 к. 5 кеңсе
Дайындаушының РФ және Кеденді Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11 үй, 3 құрылыс, 4 қабат I үй-жай 13 бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78
Қытайда жасалған

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Тұрмыстық электр робот-шаңсорғыш
Модель: PVCRDC 6004 WIFI IQ Home
Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқауларға және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
   - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
   - Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбау, сондай-ақ бұйымды орнату мен пайдаланудан тұратын дұрыс пайдаланбау;
   - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан туындаған ақ шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері;
   - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
   - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
   - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
   - Авторланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
   - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсаптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.
POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз
POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.
*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: www.polaris.ru
Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.
Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.
Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.
Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасында орналасқан паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.